

**Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 20 қосымша) 20-тармағының 5-тармақшасына сәйкес ақпарат беру туралы**

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2022 жылғы 27 мамырдағы № 1 Өкімі.

Еуразиялық экономикалық комиссияның Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 20 қосымша) 20-тармағының 3 және 4-тармақшаларында көрсетілген, 2021 жылы жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы ақпаратын назарға ала отырып:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия 2023 жылдың I жартыжылдығында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен келісілген, Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 20 қосымша) 20-тармағының 3 және 4-тармақшаларында көрсетілген, 2022 жылы жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы ақпаратты Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің қарауы үшін ұсынсын.

2. Осы өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:**

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан